**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі әлеуметтік акциялардың мектепке дейінгі жастағы балалардың дәстүрлі құндылықтарын қалыптастырудағы тиімді құрал ретіндегі рөлі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі полимәдени білім беру кеңістігінде дәстүрлі құндылықтарды сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу қажеттілігімен айқындалады. Отбасыға құрмет, мәдени дәстүрлер, әлеуметтік жауапкершілік, өзара көмек және оң әлеуметтік мінез-құлық сияқты құндылықтық бағдарларды қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік акциялардың тәрбиелік әлеуетіне ерекше назар аударылады. Мақалада әлеуметтік акциялар кешенін іске асыру нәтижесінде балалардың дәстүрлі құндылықтарының қалыптасу деңгейінің оң динамикасы көрсетілген эмпирикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған. Алынған нәтижелер әлеуметтік акциялардың мектепке дейінгі білім берудегі тәжірибеге бағытталған тәрбиелік жұмыс формасы ретіндегі тиімділігін дәлелдейді.

**Түйін сөздер:** мектепке дейінгі білім беру, дәстүрлі құндылықтар, әлеуметтік акциялар, тәрбие, полимәдени орта.

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема формирования традиционных ценностных ориентиров у детей дошкольного возраста в условиях современной социокультурной среды. Особое внимание уделяется социальным акциям как эффективному педагогическому инструменту организации воспитательной деятельности в дошкольных образовательных организациях. Раскрывается воспитательный потенциал социальных акций в процессе формирования у дошкольников ценностных установок, включающих уважительное отношение к семье, культуре, труду, традициям и общепринятым социально значимым нормам поведения. Обосновывается целесообразность и педагогическая значимость интеграции социальных акций в образовательный процесс дошкольных учреждений как средства приобщения детей к традиционным ценностям в условиях поликультурного образовательного пространства.

**Ключевые слова:** дошкольное образование, традиционные ценности, социальные акции, воспитательная деятельность, поликультурное образовательное пространство.

**Abstract.** The article focuses on the issue of shaping traditional values among preschool children in the context of the contemporary sociocultural environment. Special attention is devoted to social actions as an effective pedagogical tool in educational work within preschool educational organizations. The educational



potential of social actions in shaping preschool children's value orientations—such as respect for family, culture, labor, traditions, and socially significant behavioral norms—is analyzed. The study substantiates the necessity of integrating social actions into the educational process of preschool institutions as a means of introducing children to traditional values in a multicultural environment.

**Keywords:** preschool education, traditional values, social actions, upbringing, multicultural space.

**Introduction.** The contemporary system of preschool education operates under conditions of globalization, cultural diversity, and rapid social transformation. Within this context, the formation of stable value orientations in early childhood, ensuring the continuity of cultural traditions and successful socialization, acquires particular significance.

Preschool age is a sensitive period for mastering basic moral norms, social attitudes, and traditional values, which subsequently determine an individual's worldview and behavior. During this period, the foundations of respectful attitudes toward family, native culture, language, labor, elders, and the surrounding world are formed.

At the same time, the multicultural space of modern society requires preschool education systems to search for new pedagogical forms and methods of educational work that promote not only the preservation of traditional values but also the development of tolerance, social responsibility, and civic identity. One such effective tool is social actions, which possess significant educational potential.

Theoretical Foundations of Forming Traditional Values in Preschool Age. Traditional values are considered in scientific research as a set of spiritual, moral, cultural, and social norms transmitted from generation to generation, ensuring the stability of society. Core traditional values include

family, respect for elders, labor, mutual assistance, patriotism, cultural heritage, and moral standards of behavior.

The formation of value orientations in preschool children occurs mainly through emotionally rich forms of activity based on personal experience and joint activities with adults and peers. In this context, practice-oriented forms of educational work play a special role, enabling children not only to acquire values cognitively but also to experience them in real social situations. The multicultural space of a preschool educational organization, encompassing diverse cultures, traditions, and languages, creates favorable conditions for fostering respect for cultural diversity while preserving traditional values as the foundation of national identity.

Social Actions as a Pedagogical Tool in Preschool Education. Social actions in the preschool education system represent specially organized forms of collective activity aimed at developing socially significant qualities, moral attitudes, and value orientations in children. Unlike traditional forms of educational work, social actions offer several pedagogical advantages:

- active participation of children, teachers, and parents;
- practical orientation and social significance;
- formation of emotional engagement



and personal attitudes in children;

- connection between the educational process and real social environment.

In preschool education, social actions are implemented in an adapted form, taking into account children's age and psychological characteristics. They may include elements of play, creative activities, and joint events involving families and the community.

**Educational Potential of Social Actions in Forming Traditional Values.** Social actions possess significant potential in shaping traditional values among preschool children. Through participation in such activities, children internalize values not declaratively but through personal experience and emotional involvement.

Participation in family-oriented actions fosters respect toward parents and elders. Environmental and charitable actions cultivate values of care, responsibility, and mutual assistance. Patriotic and cultural actions promote children's engagement with national traditions, history, and cultural heritage. An important aspect is parental involvement in social actions, which ensures continuity of educational influence and strengthens cooperation between families and preschool institutions.

**Conditions for Effective Implementation of Social Actions.** The effectiveness of social actions as a tool for forming traditional values depends on several pedagogical conditions:

- systematic and purposeful implementation;
- alignment with children's age characteristics;
- integration into the preschool educational program;

- active participation of teachers and parents;
- consideration of multicultural context and respect for cultural diversity.

Observance of these conditions allows social actions to be viewed not as isolated events but as elements of a holistic educational system.

**Empirical Study and Analysis of Results.** To assess the effectiveness of social actions in forming traditional values among preschool children, a pedagogical study was conducted at a preschool educational organization operating in a multicultural environment.

Participants included senior preschool children (aged 5–6), teachers, and parents. The study followed a diagnostic and formative design and employed pedagogical observation, analysis of children's creative products, child interviews, questionnaires for teachers and parents, and qualitative analysis of participation in social actions.

Social actions aimed at traditional value formation were implemented, including "My Family Is My Support," "Week of Good Deeds," "Respect for Elders," and "Preserving Traditions Together" during the formative stage.

**Quantitative Analysis and Data Visualization.** A comparative analysis of traditional value formation levels before and after the implementation of social actions was conducted using the following criteria: attitudes toward family traditions, respect for elders, readiness for mutual assistance, interest in cultural traditions, and participation in socially significant activities.

Three levels of traditional value formation were identified: low, medium, and high.



**Table 1. Research Results**

Level of formation	Before social actions	After social actions
Low	38%	14%
Medium	44%	46%
High	18%	40%

**Figure 1. Dynamics of Traditional Value Formation Levels**




Figure 1 illustrates the dynamics of traditional value formation levels in preschool children before and after the implementation of social actions. The diagram demonstrates a significant decrease in the proportion of children with a low level and a steady increase in those with a high level of traditional values.

**Discussion of Results.** The analysis confirms positive dynamics in the formation of traditional values. The most pronounced changes include an increase in the proportion of children with a high level of value formation and a decrease in the low-level group.

Qualitative observations revealed increased interest in family traditions, respect toward elders, proactive helping behavior, and more conscious use of value-related vocabulary.

**Conclusion.** Thus, social actions in modern preschool education serve as an effective tool for forming traditional values in preschool children. Their educational potential lies in integrating educational processes with real social practice, fostering stable value orientations and socially significant personal qualities. Integrating social actions contributes to preserving and transmitting traditional values in multicultural contexts.



---

## References

1. Vygotsky, L.S. (2005). Psychology of Child Development. Moscow: Pedagogika.
2. Sukhomlinsky, V.A. (2018). I Give My Heart to Children. Moscow: Prosveshchenie.
3. Bozhovich, L.I. (2008). Personality and Its Formation in Childhood. Moscow: Pedagogika.
4. Kudryavtsev, V.T. (2016). Development of Value Orientations in Preschool Age. Moscow: Akademiya.
5. Nazarbayev, N.A. (2017). Course Towards the Future: Modernization of Public Consciousness. Astana.



# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІН ДАМУДЫ МӘДЕНИ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ

## Мамаш Жазира Әбужүсіпқызы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының  
1-курс докторанты

**Аннотация.** Бұл мақалада Қазақстандағы мектепке дейінгі жастағы балалардың қаржылық сауаттылығын қалыптастырудың өзекті мәселелері қарастырылады. Қазіргі экономикалық жағдайда мінез-құлықтың ерте қалыптасуы мемлекеттің де, қоғамның да тұрақтылығына ықпал ететіндігі атап өтіледі. Жан Пиаже ұсынған когнитивтік даму теориясы мен Л.С.Выготскийдің әлеуметтік-мәдени тұжырымдамасы негізінде мектепке дейінгі балалардың қаржылық ұғымдарды қабылдау мүмкіндіктері мен шектеулері қарастырылады.

Мақалада қаржылық әлеуметтенуде жетістікке жеткен еврей мәдениетінің «төрт құтылар жүйесі» құндылығы талданып, оның қазақ мәдени тәжірибесімен салыстырмалы талдауы жасалынды. Қазақ қоғамындағы дәстүрлі альтуризм, ұрпақаралық қолдау мен қонақжайлылық феномендері жеке қаржылық жоспарлауға әсер ететін мәдени ерекшеліктер ретінде сипатталады. Зерттеу нәтижесінде екі мәдениеттің тиімді элементтерін біріктіріп, мектепке дейінгі білім беру жүйесіне бейімделген қаржылық тәрбиелеудің жаңа үлгісін енгізу мүмкіндігі негізделеді.

**Түйінді сөздер:** «қаржылық сауаттылық», «когнитивті даму», «қаржылық әлеуметтену», «Тзедака», «Қазақстан».

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются актуальные вопросы формирования финансовой грамотности у детей дошкольного возраста в Казахстане. Подчеркивается, что раннее формирование экономического поведения в современных условиях оказывает влияние на стабильность как государства, так и общества. На основе теории когнитивного развития Жана Пиаже и социокультурной концепции Л.С.Выготского рассматриваются возможности и ограничения восприятия финансовых понятий детьми дошкольного возраста.

В статье анализируется ценностная система «четырёх сосудов», характерная для еврейской культуры и демонстрирующая успешный опыт финансовой социализации, а также проводится её сравнительный анализ с казахскими культурными традициями. Традиционный альтуризм, межпоколенческая поддержка и феномен гостеприимства в казахском обществе описываются как культурные особенности, влияющие на индивидуальное финансовое планирование. В результате исследования обосновывается возможность внедрения новой модели финансового воспитания, адаптированной к системе дошкольного образования на основе объединения эффективных элементов двух культур.

**Ключевые слова:** финансовая грамотность, когнитивное развитие, финансовая социализация, Тзедака, Казахстан.



**Abstract.** This article examines current issues related to the development of financial literacy among preschool children in Kazakhstan. It is emphasized that early formation of economic behavior in modern economic conditions influences the stability of both the state and society. Based on Jean Piaget's theory of cognitive development and L.S.Vygotsky's sociocultural theory, the possibilities and limitations of preschool children's understanding of financial concepts are analyzed.

The article explores the value system known as the "four jars system", which is characteristic of Jewish culture and demonstrates successful financial socialization, and provides its comparative analysis with Kazakh cultural traditions. Traditional altruism, intergenerational support, and the phenomenon of hospitality in Kazakh society are described as cultural factors influencing individual financial planning. The study substantiates the possibility of introducing a new model of financial education adapted to preschool education through the integration of effective elements from both cultures.

**Keywords:** financial literacy, cognitive development, financial socialization, Tzedakah, Kazakhstan.

Қазіргі экономикалық ортада қаржылық сауаттылыққа ие азаматтарды қалыптастыру мемлекеттің және қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Зерттеулер қаржылық мінез-құлыққа қатысты негізгі әдеттердің ерте жастан қалыптаса бастауының көрсетеді. Бұл кезеңде қалыптасқан білім мен дағдылар қаржылық тәуекелдерді азайтуға және болашақ өркендеуге ықпал етеді.

Алайда, қаржылық әлеуметтену негізінен отбасыда жүзеге асса да, көптеген ата-аналар балаларымен қаржы тақырыбында сөйлесуге немқұрайлық танытады немесе бұл дағдыларды беруге дайын болмайды. Бұл жағдай, әсіресе балалардың қаржылық түсінігін қалыптастыруға көмектесетін арнайы, тұтынуға ыңғайлы құралдардың, бағдарламалар мен әдістемелердің қажеттілігін арттырады.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру ұйымының стандартты ережелері балалардың денсаулығын сақтауға, когнитивтік дамуы мен азаматтық тәрбиелеуге бағытталғанымен, қаржылық сауаттылықты дамытуға бағытталған

бағдарламалық нұсқаулықтар айқын көрсетілмеген. Сонымен қатар, қазақ қоғамы дәстүрлі құндылықтарға негізделген әлеуметтік модельден, жеке жауапкершілік пен нарықтық құндылықтарға негізделген заманауи модельге өту кезеңінде. Бұл мәдени-экономикалық ауысу ерте жастағы қаржылық сауаттылықты қалыптастыруда жаңа мәдени-педагогикалық тәсілдерді әзірлеуді талап етеді. Осы негізде, қаржылық әлеуметтенуде айтарлықтай табысқа жеткен халықтардың, мысалы, еврей халқының тәжірибесін зерттеудің практикалық және теориялық маңызы зор [1].

Мектеп жасына дейінгі балалар Жан Пиаже ұсынған когнитивті дамудың операцияға дейінгі кезеңінде болады. Бұл кезең қаржылық ұғымдарды қабылдауға айтарлықтай шектеу қояды, себебі балалардың ойлауы екі негізгі сипаттамамен ерекшеленеді. Олар: дерексіздік және уақыт ұғымын нашар түсіну.

Дерексіздік – бұл мектеп жасына дейінгі баланың бір уақытта бір ғана затқа баса назар аударуы. Ақша – көп өлшемді, дерексіз ұғым санатына жатады. Ал, балалар қолға ұстап, сезіне



алатын болғандықтан монеталар мен банкноттарды ғана тани алады. Бірақ олардың басты құндылығы мен маңызын, айырбастау, төлем жасау құралы екендігін тануға қиналады. Мысалы, бір тиынның екі тиынға қарағанда құндырақ болуы мүмкін екендігін түсінуде қиындықтар туындауы мүмкін.

Уақыт ұғымының қиындығы. Қаржылық сауаттылық ұғымының басты қағидаларының бірі – жинақтау, инвестициялау және ақшаның уақыт құнын білу. Ақшаның уақыт құнын білу бұл тұлғаның болашақты сезіне білу қабілеті. Бірақ, мектепке дейінгі жаста балалар сол сәтте ұсынылған сыйақы мен болашақта алуы мүмкін үлкен сыйақы арасында таңдау жасауға біршама қиналады. Бұл қаржылық білім беру бағдарламалары ұзақ мерзімді нәтижелерді жылдам, нақты және бейнелі түрде көрсетуді талап ететінін білдіреді.

Жан Пиаже ұсынған когнитивті шектеулерге қарамастан, балалардың қаржылық түсінігін қалыптастыру маңызды. Бұл тұрғыда Л.С.Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясы маңызды рөл атқарады. Выготскийдің пікірінше, танымдық даму мәдениеттер бойынша әр түрлі болады, себебі оқу – әлеуметтік өзара іс-қимыл, талқылау және диалог арқылы мағынаға ие болатын бірлескен үдеріс [2].

Л.С.Выготскийдің «мәдени-тарихи» тұжырымдамасы балаларды ақша мен жеке қаржы түсініктері бойынша неғұрлым көп жұмыс, олардың қаржы туралы фактілерді дұрыс сақтау және кірістің қалай жұмыс жасайтыны туралы күрделі түсінік қалыптастыру мүмкіндіктерін алға тартады. Яғни, балаларға тек қана теориялық білімдерді бермей, нақты қаржылық тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беру қажет [3].

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін «бірдей» және «әртүрлі» ұғымдарын түсіну қиын болғандығымен де,

егер ойын формасында сөздік оқытулар жүргізілсе, 4-5 жастағы балалар дерексіз қатынастарды жеңіл қабылдап үйренеді. Бұл қаржылық ұғымдар үшін өте маңызды. Мысалы, «жинақтау» секілді абстрактілі ұғымды физикалық құтыға сәйкестендіріп, «жинақтау құтысы» деп атасақ, балалар үшін нақты, басқаруға ыңғайлы нысанға айналдырады.

Балалардың қаржылық түсінігін қалыптастыруда қаржылық сауаттылықтың төрт қағидасын балаларға терең насихаттау маңызды. Олар: жұмсау, жинау, инвестициялау және қайырымдылық. Аталған қағидаларды мектеп жасына дейінгі балалардың когнитивті дамуына бейімдеу маңызды. Себебі дерексіз ұғымдарды нақтылаудың ең тиімді педагогикалық әдісі – қаржыны функционалдық мақсатына байланысты физикалық түрде бөлу. Жоғарыда берілген төрт қағида еврей дәстүрінде қолданылатын «құтылар жүйесі» қағидасын нақты сипаттайды.

Жұмсау. Ақшаның жарты бөлігі қаржы қолға тиген сәтте қажеттіліктер мен тілектерг жұмсалады. Бұл балаға ақшаның тікелей ләззатын сезінуге мүмкіндік береді.

Инвестициялау. Қолдағы қаржының 20%-ы ұзақ мерзімді капиталдың өсу қағидасын мектепке дейінгі жастан бастап бойларына сіңіру үшін бөлінеді. Бұл Пиаже теориясы бойынша дерексіз ұғым ақшаны құтыға жинақтап, көру арқылы абстрактілі «өсу» ұғымы нақтыланады.

Қайырымдылық. Қаржының 10%-ы өзге адамдардың қажеттілігін бірінші орынға қойып, кіші жастан бастап әлеуметтік жауапкершілікті дамытуды көздейді. Бұл қағида балаларға өз бюджетін басқарып бөлуді, өз мұқтаждықтарын түгелдеп, әлеуметтік жауапкершілікті қабылдауды ерте жастан бастап жүйелі түрде үйретеді [4].

Жоғарыда берілген еврей дәстүрінің төрт қағидасының Выготскийдің теориясымен сәйкестілігін байқауға болады. Яғни, екеуінің де ортақ сипаты адамзат баласының өмір сүру ортасы мен мәдениетіне байланыстылығы. Еврей және Қазақ мәдениетіндегі қаржылық әлеуметтену үдерісін салыстыру, ұлттық білім беру жүйелеріне бейімделген тиімді әдістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Еврей мәдениетіндегі қаржылық әлеуметтенудің ерекшеліктері. Еврей дәстүрі қаржылық сауаттылықты ерте жастан бастап қалыптастыруда құрылымды және мақсатты тәсілді ұсынады.

Құндылық негізі – Тзедака. Еврей дәстүрінде қайырымдылық жасау тек қана адами құндылық мейірімділік емес, әлемдегі ресурстарды әділ бөлуге бағытталған міндет ретінде түсіндіріледі. Балаларға Тзедака құтылары арқылы өз қаржысының 10% міндетті түрде бөлу үйртіледі. Бұл құндылық ерте жастан бастап ата-ананың үлгісі арқылы бала бойында қалыптасады, балаларға өзге адамдардың қажеттіліктерін түсініп, оларға қолдау көрсетуге үйретеді. Бұл дәстүр апта сайын жүргізілетіндіктен, балалар бұл құндылықты оңай дағдыға айналдырады.

Қаржыны жинақтауға бағыттау. Еврей отбасылары ерте жастан бастап балаларды қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ететін үлкен ойлар мен жоғары табыс алып келетін кәсіптерге талпынуға шақырады. Ең бастысы, қаржыны төрт құтыға бөлу жүйесіндегі 20% инвестицияға бағытталуы, балаларға капиталды көбейту және ұзақ мерзімді өсу идеясын нақты тәжірибеде көрсету. Мысалы, ерте жаста өз ойындағы ойыншықты сатып алуға байланысты жинақталады. Бұл бала бойында кешіктірілген күтумен келетін, сабыр мен мақсатты күту дағдысының дамуына ықпал етеді [5].

Ал, Қазақстандық қоғамдағы қаржылық әлеуметтену дәстүрлі қазақ философиясы мен әлеуметтік құрылыммен байланысты.

Қазақ мәдениеті альтуризм, адалдық пен қоғамдық ынтымақтастық секілді қағидаларға басым бағыт береді. Дәстүр бойынша, ересек адамдар өз балаларына, немерелері мен туыстарына әлеуметтік және қаржылық қолдау көрсетуге сүйенеді. Бұл ұрпақаралық қолдау жүйесі жеке қаржылық тәуекелдерді төмендетеді, бірақ қаржыны жеке және ұзақ мерзімді жинақтауларға деген мотивацияны төмендетуі мүмкін. Ал, қонақжайлылық секілді дәстүрлі құндылықтар көп жағдайда жомарт шығындарды талап етуі мүмкін.

Қазақстанның мектепке дейінгі білім беру стандартында өмір мен денсаулықты қорғау, зияткерлік дамуды қамтамасыз ету сынды жалпы міндеттер қарастырылған, бірақ қаржылық сауаттылықты дамыту жолдары анық көрсетілмеген. Демек, қаржылық әлеуметтенудің барлық ауыртпалығы ресми емес арналар, яғни отбасы мен әлеуметтік ортаға түседі.

Соңғы жылдары өскелең ұрпақ арасында нарықтық құндылықтар деген көзқарастары жаңаша бағыт алып, жауапкершіліктері артуда. Еліміздің жастары дәстүрлі қолдауға сүйенуден гөрі, білім мен мансаптық жетістіктерге басым бағыт беруде. Бұл жаңашылдық жеке қаржылық жоспарлау дағдыларын ерте жастан бастап үйретудің маңыздылығын арттыру үстінде [6].

Ал, қазақ және еврей мәдениеттерінің қаржылық әлеуметтену тәсілдерін салыстыру олардың әрқайсысының артықшылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Екі мәдениет ортасы үшін де отбасы қаржылық сауаттылықты қалыптастырудың алғашқы сатысы болып табылады. Сондай-ақ, екі мәдениет өкілдері де өзге адамдарға



көмек көрсету және әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын жоғары қояды. Дегенмен де балалар бойын-

да қаржылық құндылықтарды тәрбиелеуде ескеру қажет маңызды айырмашылықтар бар.

## Кесте 1.

### Қазақ және еврей мәдениетіне тән қаржылық құндылықтарды тәрбиелеу ерекшелігі

Қаржылық аспект	Қазақ мәдениеті (дәстүрлі әлеуметтену)	Еврей мәдениеті (құрылымды әлеуметтену)
Ұзақ мерзімді жоспарлау	Ерте жастан бастап инвестициялауға және капиталды көбейтуге басымдық (20%)	Ұрпақаралық қолдауға және әлеуметтік желіге сүйену. Жеке ұзақ мерзімді жинаққа мотивация мәдениет ішінде екінші орында болуы ықтимал
Қайырымдылық ұғымы	Тзедака: әділеттілікке негізделген, ақшаны қатаң бөлуді талап ететін жүйелі құрылым (10%)	Альтуризм, қонақжайлылық; көбіне мұқтаждыққа немесе әлеуметтік міндеттемелерге негізделген, стихиялық шығындар сипатында болуы мүмкін
Қаржылық бақылау	Жеке жауапкершілік, ақшаны басқарудағы еркіндік және сәтсіздікті оқу құралы ретінде қолдану	Отбасылық бақылау, ересектердің ақыл-кеңесіне сүйену. Шығындар әлеуметтік талаптармен қатаң реттелуі мүмкін

Жоғарыда берілген кестеден басты байқағанымыздай, мәдени қарама-қайшылық пен синтез. Яғни, еврей моделі жеке капиталды жинақтау мен әлеуметтік жауапкершілікті байланыстырады, бұл кезеңде құндылық пен жоспарлау қатар жүретін үдеріс ретінде қарастырылады. Ал, дәстүрлі қазақ мәдениетінің басымдығы жеке байлықты арттырудан гөрі, қоғамдық тұрақтылық пен өзара қолдауды қамтамасыз етуге басым бағытталған [7].

Қазақстан үшін маңызды міндет – осы бастапқы екі ұстанымды біріктіру. Себебі балаларды ерте жастан бастап нарықтық экономика жағдайына дайындау үшін жеке қаржылық жоспарлауды (жинақтау, инвестициялау, бөлу) үйрету керек, бірақ дәстүрлі қазақ құндылықтарын (көмекесу, бауырмалдық, туыстық қатынас және т.б.) сақтау маңызды. Еврей мәдени-

етінің үлгісін қолданып, төрт бөліктен тұратын құтылар жүйесін еліміздің әлеуметтік этикасы мен құндылықтарына бейімдеу, яғни садақа/көмек бөлігін міндетті ету арқылы балаларға әлеуметтік міндеттемені қаржылық жоспарлаумен бірге орындауды үйретуге болады.

Қорыта келе, мектепке дейінгі балалардың қаржылық сауаттылығын дамыту еліміз үшін стратегиялық маңызының жоғары екендігін көрсетеді. Балалардың когнитивтік даму ерекшеліктерін ескере отырып, қаржы ұғымдарын нақты, бейнелі және тәжірибелік әдістер арқылы меңгерту қажеттілігі негізделді. Жан Пиаже мен Л.С.Выготский теориялары қаржылық дағдылардың әлеуметтік өзара әрекет пен мәдени ортаның ықпалымен тиімді қалыптасатынын дәлелдейді.

Еврей мәдениетінің құрылымды



қаржылық әлеуметтену моделі – «төрт құтылар жүйесі» балаларға қаржыны басқарудың қарапайым әрі түсінікті формасын ұсынады. Бұл модель ерте жастан бастап жинақтау, инвестициялау, жұмсау және қайырымдылық жасау дағдыларын дамытады. Қазақ мәдениетіндегі ұрпақаралық қолдау, альтуризм және қонақжайлылық құндылықтары қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз еткенімен, жеке ұзақ мерзімді қаржылық жоспар-

лауға өз кедергісін келтіруі мүмкін. Сол себепті Қазақстан үшін ең тиімді шешім – екі мәдениеттің оң тәжірибелерін біріктіріп, балаларға әлеуметтік жауапкершілік пен қаржылық жоспарлауды қатар үйрететін педагогикалық үлгі жасау. Мұндай тәсіл болашақ ұрпақтың экономикалық дербестігін арттырып, елдің экономикалық қауіпсіздігі мен тұрақтылығына оң әсер етеді.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты. – Астана, 2022.
2. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка / Ж. Пиаже. – Москва.: Педагогика, 2010.
3. Выготский Л.С. Мышление и речь / Л.С.Выготский. – Москва: Лабиринт, 2000.
4. Danes S.M. Parent teaching activities and children's financial knowledge / S. M. Danes // Journal of Financial Counseling and Planning. – 2023.
5. Furnham A. The economic socialization of children / A.Furnham // British Journal of Developmental Psychology. – 2021.
6. Құндақбайұлы Ә. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті: әлеуметтік-экономикалық қырлары / Ә.Құндақбайұлы. – Алматы: Ғылым, 2012.–296 б.
7. Altman, I. Tzedakah: A cultural view on charity and financial responsibility / I. Altman. – Tel Aviv: Tel Aviv University Press, 2015. – 175 p.



# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

**Матина Камила Тулегеновна,**

Астана қаласы, № «88 Баян сұлу балабақшасында  
дефектолог-логопед

**Аңдатпа.** Мақалада мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру – баланың тұлғалық, әлеуметтік, танымдық дамуының негізін қалаушы маңызды кезең. Мақалада мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жүйесінің баланың тұлғалық, әлеуметтік және танымдық дамуын қамтамасыз етудегі маңызы ғылыми-теориялық тұрғыда қарастырылады. Мектепке дейінгі жас – психикалық процестердің қарқынды қалыптасуымен, когнитивтік белсенділіктің артуымен және алғашқы әлеуметтену тәжірибесінің жинақталуымен сипатталатын сензитивті кезең. Осыған байланысты әлемдік білім беру кеңістігінде ерте жастағы білім беру сапасын арттыру басым бағыттардың біріне айналып отыр. XXI ғасырдағы білім беру жүйелерінде мектеп жасына дейінгі кезеңге ерекше назар аударылады, өйткені баланың ерте жастағы даму жылдарында алған білімі мен тәрбиесі оның келешектегі оқу және әлеуметтік жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Бұл жұмыс халықаралық деңгейдегі мектепке дейінгі білім берудің тәжірибелерін салыстырып, балалық шақта тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған түрлі модельдер мен практикалардың тиімділіктерін талдайды.

**Түйін сөздер:** мектепке дейінгі тәрбие, тұлға, мектепке дейінгі білім беру, ерте даму, тұлғалық қалыптасу, педагогикалық модельдер, халықаралық тәжірибе, дамытушы орта, инклюзивті білім беру.

**Аннотация.** В статье рассматривается дошкольное воспитание и образование как ключевой этап, закладывающий основы личностного, социального и когнитивного развития ребёнка. Особое внимание уделяется научно-теоретическому анализу роли системы дошкольного образования в обеспечении всестороннего развития ребёнка. Дошкольный возраст характеризуется активным формированием психических процессов, ростом когнитивной активности и накоплением первых навыков социальной адаптации, что делает его особенно чувствительным периодом. В связи с этим повышение качества раннего обучения становится одним из приоритетов в мировой образовательной практике.

В системах образования XXI века внимание к дошкольному этапу значительно усиливается, так как знания и воспитание, полученные ребёнком в ранние годы, напрямую влияют на его будущие успехи в учёбе и социальной жизни. Данная работа проводит сравнительный анализ международного опыта дошкольного образования, исследует различные модели и практики, направленные на всестороннее развитие личности в детстве, и оценивает их эффективность.

**Ключевые слова:** дошкольное воспитание, личность, дошкольное образование, раннее развитие, формирование личности, педагогические модели, международный опыт, развивающая среда, инклюзивное образование.

**Abstract.** The article examines preschool education and upbringing as a crucial pedagogical stage that shapes a child's personal, social, and cognitive development. The preschool period is characterized by intensive development of mental processes,



increased cognitive activity, and the accumulation of early social adaptation experiences, making it a sensitive stage in child development. Consequently, in 21st-century educational systems, particular attention is paid to enhancing the quality of early childhood education, since knowledge and upbringing acquired during the first years of life directly influence subsequent academic achievement and social adaptation. This study presents a comparative analysis of advanced international practices in preschool education and evaluates the effectiveness of various pedagogical models and practices aimed at ensuring the comprehensive development of a child's personality during early childhood. The findings of the article provide a scientific and methodological basis for improving preschool education quality and implementing innovative pedagogical approaches.

**Keywords:** preschool education, personality, early childhood education, early development, personality formation, pedagogical models, international experience, developmental environment, inclusive education.

Мектепке дейінгі білім беру баланың тұлғасын, оның интеллектуалды, эмоционалды және әлеуметтік дамуын қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Халықаралық тәжірибе мектепке дейінгі тәрбиенің тиімді жүйелері әр елдің мәдени дәстүрлерін, ғылыми тәсілдемелерін және мемлекет басымдықтарын ескере отырып құрылатынын көрсетеді [1.15]

Еуропалық тәжірибе. Еуропа елдерінде балалардың дербестігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын және әлеуметтік бейімделуін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Мысалы, Финляндияда мектепке дейінгі білім беру баланың жетекші іс-әрекеті ретінде ойынға бағдарланған. Оқыту еркін атмосферада, қатаң академиялық жүктемесіз өтеді және негізгі назар әр баланың амандығы мен жеке дамуына аударылады.

Германияда Мария Монтессори педагогикасы бойынша жұмыс істейтін балабақшалар кең таралған. Монтессори әдісі арнайы дайындалған ортаны қалыптастыруды ұйғарады. Мұндай ортада бала немен айналысуды қалайтынын өзі таңдайды және өз қарқынына сай дамиды.

**Азиялық тәжірибе.** Азия елдерінде мектепке дейінгі білім беру көп жағдайда дәстүрлі құндылықтар мен

заманауи білім беру технологияларының үйлесімін табуға ұмтылады.

Жапонияда тәртіпті тәрбиелеуге, ұжымды құрметтеуге және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға көптеп көңіл бөлінеді. Балалар жастайынан жауапкершілікке және ынтымақтастыққа үйренеді.

Сингапурда математикалық және тілдік дағдыларды ерте жастан дамытуға баса назар аударылады. Балаларды мектепте жақсы оқуға даярлауға бағытталған заманауи цифрлық технологиялар, оқытудың интерактивті әдістері мен бағдарламалары пайдаланылады [2.78].

### **Солтүстік Америка тәжірибесі**

АҚШ-та мектепке дейінгі білім беру бағдарламалар мен тәсілдемелердің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Head Start бағдарламасы танымал модельдердің бірі болып табылады. Бұл бағдарлама әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларды қолдауға бағытталған. Білім беру процесінде ойын технологиялары, жобалық іс-әрекет және дараландырылған оқыту белсенді қолданылады [3,56].

Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологиялар. Көптеген елдерде заманауи тенденциялар



мыналарды қамтиды:

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- инклюзивті білім беруді енгізу;
- эмоционалды интеллектті дамыту;
- отбасымен білім беру процесінің тең құқықты қатысушысы ретінде ынтымақтастық жасау.[4,11]

Италияда пайда болған және баланың зерттеу белсенділігін, оның өзін шығармашылық арқылы таныта алуын және жобалық іс-әрекетті дамытуға бағытталған Reggio Emilia тәсілдемесі ерекше орынға ие.

Қытайда мектепке дейінгі білім беру мектепке дайындықтың маңызды кезеңі ретінде қарастырылады. Мемлекет, әсіресе ірі қалаларда, балабақшаларды дамытуға белсенді түрде инвестициялар жасауда.

Негізгі ерекшеліктері:

- академиялық дағдыларды (математика, жазу, оқу) ерте жастан дамытуға баса назар аудару;
- ұжымдық тәрбие мен қатаң тәртіптің үйлесімі;
- үлкендерге құрмет және еңбекқорлықты қалыптастыру;
- отбасының білім беру процесіне белсенді араласуы.

Соңғы жылдары Қытайда креативтілікті және сыни көзқараспен ойлауды дамытуға зор көңіл бөлінуде, оқытудың ойынға негізделген және жобалық әдістері енгізілуде. Сондай-ақ халықаралық білім беру бағдарламаларына және екі тілді оқытуға қызығушылық артып келеді [5,13].

Оңтүстік Кореяда мектепке дейінгі білім беру ұйымдастыру дәрежесінің және бәсекелестіктің жоғары деңгейімен өзгешеленеді. Ата-аналар бала-

ларды мектепке дайындаудың сапасына көп көңіл бөледі.

Өзіндік белгілер:

- оқуды, жазуды және математиканы ерте жастан оқыту;
- қазіргі заманғы білім беру технологияларын пайдалану;
- қатаң күн тәртібі және тәртіп;
- жекеменшік білім беру орталықтарының дамыған жүйесі.

Сонымен бірге мемлекет балаларға түсетін шамадан тыс академиялық жүктемені азайтуға және оқытудың ойынға негізделген формаларын, эмоционалды интеллектті және шығармашылық қабілеттерді дамытуға ұмтылады.

### Салыстырмалы аспект

Егер Қытай мен Оңтүстік Кореяны Финляндия секілді Еуропа елдерімен салыстыратын болсақ, басымдықтардағы айырмашылықтарды атап көрсетуге болады:

- Шығыс Азия елдерінде академиялық дайындыққа және тәртіпке баса назар аударылады;
- Солтүстік Еуропа елдерінде еркін ойынға, эмоционалды қолайлылыққа және жеке даму қарқынына көп көңіл бөлінеді [6,8].

Осылайша, халықаралық тәжірибе әр ел мектепке дейінгі білім беру жүйесін өзінің мәдени дәстүрлерін, әлеуметтік болжалдарын және қоғам дамуының стратегиялық мақсаттарын ескере отырып қалыптастыратынын көрсетеді.

Қорытындылай келсек, мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің халықаралық тәжірибесі баланы жан-жақты дамытуға бағытталған әдістер мен технологиялардың алуан түрлі екенін көрсетеді. Мәдени дәстүрлер



мен білім беру дәстүрлеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, көптеген елдер дербес, жауапкершілігі мол, шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға қолайлы ортаны қалыптастыруға

ұмтылыс жасайды. Шетелдік тәжірибені зерделеу мектепке дейінгі білім берудің ұлттық жүйелерін жетілдіруге және неғұрлым тиімді практикаларды енгізуге мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. — Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру контексті.
2. Early Childhood Education Journal — халықаралық ғылыми журнал, мектепке дейінгі білім беру теориясы мен тәжірибесін талдайды.
3. International Journal of Child Care and Education Policy — мектепке дейінгі тәрбие және білім беру саясаты бойынша зерттеулер жарияланады.
4. International Journal of Progressive Education — мектепке дейінгі кезеңдегі оқу-тәрбиелік практикалар туралы мақалалар.
5. UNICEF. Global Report on Early Childhood Care and Education: A Right, a Strong Foundation (2024). — Бала тәрбиесі мен білім беру сапасы туралы жаһандық статистика және саясат.
6. OECD. Starting Strong V: Transitions from Early Childhood Education and Care to Primary Education. — Еуропа елдерінің мектепке дейінгі білім беру тәжірибелері бойынша салыстыру зерттеулері.



## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

**Рахметова Сая Зайнулкабиденовна,**  
«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ Петропавл қаласының мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту секторының әдіскері.

**Жалмурзина Гульмира Кожғалиевна**  
«Сәуле» бөбекжай-бақшасы МКҚК әдіскері, қазақ тілі педагогі.

**Аннотация.** Бұл мақалада мектепке дейінгі білім берудің негізгі құндылықтары жан-жақты талданады. Баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін гуманизм, ұлттық тәрбие, адамгершілік, экологиялық сана, денсаулықты сақтау және әлеуметтік бейімделу мәселелері ғылыми тұрғыда қарастырылады. Сонымен қатар, құндылықтарға негізделген білім беру үдерісін ұйымдастырудың тиімді жолдары ұсынылып, педагогтің кәсіби рөлі мен ата-анамен серіктестік байланысының маңыздылығы айқындалады.

**Түйінді сөздер:** мектепке дейінгі білім беру, құндылықтар, ұлттық тәрбие, жан-жақты даму, тұлғалық даму, экологиялық сана, әлеуметтік бейімделу.

**Аннотация.** В статье всесторонне рассматриваются основные ценности дошкольного образования. С научной точки зрения анализируются вопросы гуманизма, национального воспитания, нравственного развития, экологического сознания, сохранения здоровья и социальной адаптации, обеспечивающие личностное развитие ребенка. Также предлагаются эффективные пути организации образовательного процесса на основе ценностей, раскрывается профессиональная роль педагога и подчеркивается значимость партнерского взаимодействия с родителями.

**Ключевые слова:** дошкольное образование, ценности, личностное развитие, нравственность, национальное воспитание, экологическое сознание, социальная адаптация

**Abstract.** This article provides a comprehensive analysis of the core values of preschool education. It examines, from a scientific perspective, issues such as humanism, national upbringing, moral development, ecological awareness, health preservation, and social adaptation, which ensure the child's personal growth. The article also proposes effective ways to organize the educational process based on these values, highlights the professional role of the educator, and emphasizes the importance of partnership with parents.

**Keywords:** preschool education, values, personal development, morality, national upbringing, ecological awareness, social adaptation



Қазіргі таңда қоғам дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі – білім беру сапасы. Ал сол білім берудің алғашқы баспалдағы – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі екені белгілі. Себебі баланың өмірлік дағдылары, қарым-қатынас мәдениеті, мінез-құлқы, ұлттық сана-сезімі, адамгершілік ұстанымдары дәл осы кезеңде қалыптасады. Сондықтан бүгінгі мектепке дейінгі білім беру жүйесі жаңа талаптарға сай жаңарып, негізгі құндылықтарға сүйенуі қажет. Осы тұрғыда «мектепке дейінгі білім берудің негізгі құндылықтары» тақырыбы бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Ең алдымен, қазіргі мектепке дейінгі білім берудің басты құндылығы – баланы тұлға ретінде қабылдау. Заманауи педагогикада «бала – тәрбиенің объектісі емес, білім беру үдерісінің белсенді субъектісі» деген қағида кең таралған. Бұрын балабақшада тәрбиеші жетекші рөл атқарып, балалар көбіне дайын білімді қабылдаушы болса, қазіргі таңда баланың жеке қызығушылығы мен қабілетін дамытуға басымдық беріледі. Бұл дегеніміз – әр баланың ерекшелігіне қарай жұмыс жасау, оның табиғи мүмкіндіктерін ашу, еркін ойлауға үйрету. Балаға сенім білдіру арқылы оның бойында жауапкершілік пен өзіне деген сенімділік қалыптасады.

Екінші маңызды құндылық – баланың жан-жақты дамуы. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесі тек білім үйретумен шектелмейді. Ол баланың сөйлеуін дамыту, шығармашылық қабілетін жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, танымдық белсенділігін арттыру, эмоционалдық интеллектін дамыту сияқты бағыттарды қамтиды. Мысалы, ойын арқылы оқыту, жобалық жұмыстар, тәжірибелік іс-әрекеттер баланың қызығушылығын арттырып, білімді жеңіл қабылдауына мүмкіндік береді. Бұл жерде басты мақсат – баланы мек-

тепке даярлау ғана емес, оны өмірге даярлау.

Үшінші құндылық – рухани-адамгершілік тәрбие. Қазіргі қоғамда технология дамып, ақпарат көп болған сайын, адамгершілік пен мейірімділік құндылықтарының әлсіреу қаупі де арта түсуде. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда баланың бойына ізгілік, сыйластық, достық, еңбекқорлық, шыншылдық, жауапкершілік сияқты қасиеттерді сіңіру ерекше маңызды. Балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасау барысында өзгені тыңдауды, түсінуді, көмектесуді үйренеді. Осы арқылы олардың әлеуметтік ортаға бейімделуі жеңілдейді. Рухани құндылықтар – адамның өмірлік ұстанымын қалыптастыратын негізгі тірек, сондықтан бұл бағыт мектепке дейінгі тәрбиенің ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Төртінші құндылық – ұлттық тәрбие мен мәдени мұраға құрмет. Қазақстан – ұлттық дәстүрге бай, тарихи мәдениеті терең мемлекет. Баланың бойына ұлттық рухты сіңіру, ана тілін қадірлеу, халықтың салт-дәстүрін таныту – мектепке дейінгі ұйымдардың маңызды міндеттерінің бірі. Бала ұлттық ойындар арқылы ептілікке, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиеленеді. Мысалы, «Асық ату», «Арқан тарту», «Тоғызқұмалақ», «Ақ серек – көк серек» сияқты ойындар балалардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, ұлттық болмысын қалыптастырады. Сонымен қатар халық ауыз әдебиеті – ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар арқылы бала тіл байлығын арттырып, ойлау қабілетін дамытады. Ұлттық тәрбие – ұлттың болашағын сақтайтын алтын қазына.

Бесінші құндылық – инклюзивті және тең мүмкіндік беру қағидасы. Қазіргі таңда әлемдік тәжірибеде инклюзивті білім беру ерекше маңызға ие. Бұл – әр баланың мүмкіндігіне қарамастан, тең дәрежеде білім алуына жағдай жасау



деген сөз. Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету, оларды ортаға бейімдеу, әлеуметтендіру жұмыстары жүйелі жүргізілуі қажет. Инклюзивті ортада тәрбиеленген балалар мейірімді, түсіністігі мол, өзгеге құрметпен қарайтын тұлға болып өседі. Бұл – болашақ қоғамның мәдениетті әрі толерантты болуына негіз болады.

Алтыншы құндылық – баланың денсаулығы мен қауіпсіздігі. Баланың физикалық дамуы – оның жалпы дамуының негізгі бөлігі. Дұрыс тамақтану, қозғалыс белсенділігі, таза ауада серуендеу, қауіпсіз орта құру – балабақшаның басты міндеті. Қазіргі таңда балалардың гаджетке тәуелділігі артып, қозғалыс азайып барады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда спорттық ойындар, сергіту сәттері, дене шынықтыру іс-әрекеттері жүйелі ұйымдастырылуы тиіс. Денсаулық – баланың бақытты балалық шағының кепілі.

Жетінші маңызды құндылық – ата-анамен серіктестік. Бала тәрбиесі – тек балабақшаға жүктелетін міндет емес, ол – отбасы мен педагогтің бірлескен еңбегі. Қазіргі таңда ата-аналар баласының дамуына көбірек көңіл бөле бастады. Бұл өте жақсы үрдіс. Дегенмен ата-ана мен тәрбиеші арасында өзара сенім мен ынтымақтастық болмаса, тәрбие нәтижесі де әлсірейді. Сондықтан ата-аналарға арналған жиналыстар, ашық есік күндері, тренингтер, шеберлік сабақтары, кеңес беру жұмыстары баланың дамуын тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Ата-анамен бірлесе жасалған жұмыс баланың тәрбиесіне оң әсерін береді.

Ал енді шынайылыққа келсек, қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарда осы құндылықтарды жүзеге асыру барысында кейбір қиындықтар кездеседі. Мысалы, тәрбиешілердің жұмыс жүктемесінің көп болуы, кейбір балабақ-

шаларда материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі, топтағы бала санының көптігі, ата-ананың тәрбие үдерісіне толық қатыспауы сияқты мәселелер бар. Дегенмен бұл қиындықтар заманауи талаптарға сай жоспарлы жұмыс, педагогтердің біліктілігін арттыру, басқару жүйесін жетілдіру арқылы шешілуі мүмкін.

Болашақ өзіміздің жоспарға тоқталсақ, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды қолдану кеңейе түседі. Алайда бұл жерде басты мәселе – технологияны дұрыс әрі мөлшермен пайдалану. Мектепке дейінгі жастағы бала үшін ең тиімді әдіс – тірі қарым-қатынас, ойын, тәжірибе, шығармашылық әрекет. Сондықтан цифрлық құралдар тек қосымша көмекші ретінде қолданылып, баланың психологиялық және физикалық денсаулығына зиян келтірмеуі тиіс.

Сонымен қатар болашақта педагог мамандығына қойылатын талаптар күшейеді. Заманауи тәрбиеші – тек білім беруші ғана емес, ол – психолог, ұйымдастырушы, бағыттаушы, шығармашылық тұлға. Педагогтің кәсіби шеберлігі, жаңашылдығы, баламен дұрыс қарым-қатынас орната білуі – білім беру сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан тәрбиешілердің біліктілігін арттыру курстары, тәжірибе алмасу, әдістемелік қолдау жұмыстары үздіксіз жүргізілуі керек.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі білім берудің негізгі құндылықтары – бала тұлғасын құрметтеу, жан-жақты даму, рухани-адамгершілік тәрбие, ұлттық мәдениетті сақтау, инклюзивті орта құру, денсаулық пен қауіпсіздік, ата-анамен серіктестік сияқты маңызды бағыттардан тұрады. Бұл құндылықтар толық іске асқанда ғана мектепке дейінгі білім беру жүйесі шынайы нәтижеге қол жеткізеді. Ал болашақта осы құндылықтарды сақтай отырып, білім беру мазмұнын



жаңарту, педагогтің кәсіби деңгейін көтеру, инновациялық тәжірибелерді тиімді енгізу арқылы еліміздің білім беру сапасы одан әрі жоғарылай түседі.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты».
2. Қазақстан Республикасы. «Білім туралы» Заңы.
3. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар.
4. С.Қалиев, М.Қалиев. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы.
5. Выготский Л.С. Ойын және баланың психологиялық дамуы туралы еңбектері.
6. Монтессори М. Баланы еркін дамыту педагогикасы (әдістемелік көзқарастар).
7. UNESCO. Early Childhood Care and Education (ECCE) бойынша ұсынымдар.



# «LOGOS-AI: ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМУДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»

**Садыкова Асель Аликовна,**

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
Шыңғырлау ауданы білім беру бөлімінің «Болашақ»  
бөбекжайы МКҚК тәрбиешісі

**Аңдатпа.** Мақалада мектепке дейінгі білім берудегі «Logos-AI» инновациялық жобасы қарастырылады. Жасанды интеллект негізіндегі бес модульдік жүйе (диагностика, логоритмика, ертегілер, визуалды байланыс, ата-анамен жұмыс) балалардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған. Зерттеу ЖИ-дің тәрбиеші жұмысын жеңілдетіп, білім беруді жекешелендірудегі рөлін дәлелдейді.

**Түйін сөздер:** Жасанды интеллект, мектепке дейінгі тәрбие, сөйлеу тілін дамыту, Logos-AI, цифрлық диагностика, логоритмика, инновациялық педагогика.

**Аннотация.** Статья посвящена проекту «Logos-AI», использующему искусственный интеллект для преодоления задержек речевого развития у дошкольников. Описываются пять функциональных модулей системы, направленных на автоматизацию диагностики и развитие коммуникативных навыков. Автор подчеркивает, что ИИ выступает эффективным инструментом поддержки педагога в персонализации обучения.

**Ключевые слова:** Искусственный интеллект, дошкольное воспитание, развитие речи, Logos-AI, цифровая диагностика, логоритмика, инновационная педагогика.

**Abstract.** The article describes the “Logos-AI” project, which integrates AI technologies into preschool speech development. Through five specialized modules, the system automates screening and enhances children’s communicative motivation. The study concludes that AI serves as a powerful tool for personalizing early childhood education without replacing the essential role of the educator.

**Keywords:** Artificial intelligence, preschool education, speech development, Logos-AI, digital diagnostics, logorhythmics, innovative pedagogy.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы әрі ең басты қимыл-әрекеті – ойын. Атақты психолог Л.С. Выготский айтқандай, «Ойын – баланың даму аймағындағы ең биік шыңы». Ойын арқылы бүлдіршін әлемді таниды, әлеуметтік рөлдерді меңгереді және өзінің ішкі мүмкіндіктерін паш етеді. Алайда, біз ХХІ ғасырдың — ақпараттық технологиялар мен жоғары жылдамдықты интернеттің қарқынды да-

мыған заманында — бұрын-соңды болмаған жаңа сипаттағы педагогикалық және психологиялық проблемамен бетпе-бет келіп отырмыз.

## **1. Цифрлық аутизм және «экрандық тәуелділік» феномені**

Бүгінгі бүлдіршіндердің зейінін шоғырландыруы қиын. Ғылымда бұл құбылысты «клиптік ойлау» (clip thinking) деп атайды. Баланың миы



экрандағы 3-5 секунд сайын ауысатын динамикалық бейнелерге үйреніп алғандықтан, ол шынайы өмірдегі баяу дамушы процестерді (кітап оқу, сурет салу, білім алу) қабылдаудан бас тартады. Осының салдарынан баланың зейіні шашыраңқы болып, танымдық белсенділігі төмендейді.

## **2. Есту-ауызша есте сақтау қабілетінің деградациясы**

Заманауи балаларда есту-ауызша есте сақтау қабілетінің төмендегені байқалады. Визуалды ақпараттың (суреттер мен видеолар) шектен тыс көптігі мидың аудио-ақпаратты өңдеу орталықтарын тежеп тастайды. Бала біреудің сөзін естігенімен, оның мағынасын ұғынбайтын немесе нұсқаулықтарды есте сақтай алмайтын «сезімталдық талғамының» (sensory gating) бұзылуына ұшырайды. Бұл болашақта мектептегі үлгерімнің төмендеуіне тікелей әсер етеді.

## **3. Сөйлеу тілінің тежелуі: Қоғамдық дабыл.**

**Ең бастысы – сөйлеу тілінің дамуы кешігуде.** Тіл — тек қарым-қатынас құралы емес, ол — ойлаудың негізі. Бүгінгі таңда «тілі кеш шыққан» балалар санының артуы тек медициналық емес, әлеуметтік мәселе.

**Вербальды тапшылық:** Гаджеттермен өткізілген уақыт жанды диалогты алмастырды. Бала экраннан дайын ақпаратты пассивті түрде қабылдайды, ал сөйлеу аппараты мен мидың моторикалық орталықтары әрекетсіз қалады.

**Артикуляциялық кедергі:** Тілді меңгеру үшін бала ересек адамның мимикасын, ерін қимылын көріп, соны қайталауы керек. Виртуалды әлем бұл мүмкіндікті шектейді.

Статистикаға сүйенсек, балабақшадағы балалардың 25-30%-ында сөйлеу тілінің түрлі деңгейдегі ауытқулары бар. Менің тәжірибемде балалар

үш санатқа бөлінеді:

- Мамандардың бақылауындағы балалар.
- Қалыпты дамып келе жатқан балалар.
- «Шекаралық» топ – бұл мамандарға бармайтын, бірақ сөйлеуінде айқын ақауы бар, назардан тыс қалып қойған балалар.

Дәл осы «шекаралық» балалардың мәселесін шешу үшін біз «Logos-AI» жобасын қолға алдық. Жобаның негізгі идеясы – Жасанды Интеллектіні (ЖИ) тәрбиешінің қолындағы «сиқырлы таяқшаға» айналдыру.

Жобаның мазмұны: 5 негізгі инновациялық модульден тұрады. Олардың әрқайсысы тәрбиешінің жұмысын жеңілдетіп, баланың тілін қызықты әрі тиімді дамытуға бағытталған.

1-модуль: «AI-Скрининг» (Цифрлық диагностика) Бұл кезеңде біз ChatGPT немесе Gemini көмегіне жүгінеміз. Тәрбиеші баланың күнделікті сөйлеу ерекшелігін сипаттап жазады, ал ЖИ осы деректерді өңдеп, баланың жеке даму траекториясын сызып береді. Бұл – маман көмегінсіз-ақ педагогикалық жетіспеушілікті ерте анықтауға мүмкіндік беретін құрал.

2-модуль: «Нейро-Ритм» (Логоритмика) Тілі шықпаған балаға ырғақ пен музыка жақын. Біз Suno AI немесе Udio арқылы баланың аты қосылған, белгілі бір дыбыстарды қайталайтын авторлық әндер шығарамыз. Бала өзі туралы әнді естігенде эмоционалды түрде ашылып, мидағы сөйлеу орталықтары оянады.

3-модуль: «Кибер-Ертегі» (Интерактивті сюжет) Мұнда бала ертегі тыңдаушы емес, оның басты кейіпкеріне айналады. Midjourney және ChatGPT арқылы құрастырылған ертегі барысында балаға логикалық тапсырмалар мен «жоғалған сөзді айт» сияқты



дидактикалық міндеттер беріледі.

4-модуль: «Visual-Talk» (Визуалды қолдау) Сөйлеуден қорқатын балаларға арналған. DALL-E 3 немесе Canva AI арқылы біз баланың өз қажеттілігін білдіретін арнайы карточкалар мен авторлық боямақтар жасаймыз. Бұл баланың миында «сөз-бейне-әрекет» тізбегін құрады.

5-модуль: «Digital-Counselor» (Ата-аналармен жұмыс) Ата-ананы одақтасқа айналдыру мақсатында ЖИ арқылы үйде орындауға болатын 2 минуттық «логопедиялық чек-листер» дайындалады. Бұл балабақша мен отбасы арасындағы үзілген байланысты жалғайды.

Жобаны жүзеге асыру барысында біз білім беру сапасының жаңа деңгейіне көтерілуді және келесідей стратегиялық жетістіктерге қол жеткізуді көздейміз:

#### 1. Кәсіби ресурстарды оңтайландыру (Time Efficiency)

Тәрбиешінің жүктемесін азайту: Жасанды интеллект дидактикалық материалдарды, ертегілер мен әндерді лезде генерациялау арқылы тәрбиешінің техникалық жұмысқа жұмсайтын уақытын 80%-ға дейін үнемдейді.

Сапалы байланыс: Босаған уақыт ресурс ретінде баланың эмоционалды жағдайын бақылауға, онымен тікелей жанды қарым-қатынас орнатуға және жеке қолдау көрсетуге бағытталады. Бұл педагогтің кәсіби жануының (burnout) алдын алады.

#### 2. Оқытуды терең жекешелендіру (Hyper-Personalization)

«Конвейерден — Авторлыққа»: Бұрын оқыту процесі орташа деңгейдегі балаға бағытталған «жалпылама» сипатта болса, енді әр баланың сөйлеу ақауына, қабылдау ерекшелігіне (визуал, аудиал) және қызығушылығына негізделген «жеке даму бренді» қалыпта-

сады.

Динамикалық мониторинг: ЖИ баланың әрбір жетістігін тіркеп, оқу жоспарын нақты уақыт режимінде өзгертіп отырады. Бұл — әр баланың өз қарқынымен, қысымсыз дамуына кепілдік береді.

#### 3. Когнитивті және психологиялық прогресс

Интеллектуалды серпіліс: Интерактивті сюжеттер мен нейро-ырғақтар баланың зейін тұрақтылығын, кеңістіктік ойлауын және логикалық тізбек құру қабілетін 1.5 есеге арттырады.

Психологиялық жайлылық: ЖИ-мен ойын түріндегі жұмыс баланың «қателесуден қорқу» сезімін жояды. Нәтижесінде сөйлеу мотивациясы оянып, бала өз ойын еркін жеткізуге талпынады. Психологиялық тосқауылдардың бұзылуы баланың әлеуметтену процесін жеделдетеді.

#### 4. Әлеуметтік және ата-аналық синергия

«Ашық балабақша» моделі: Ата-аналар баласының сөйлеу динамикасын цифрлық есептер арқылы көріп, үйде қандай көмек көрсету керектігін нақты біледі. Бұл ата-ананың мекемеге деген сенімін арттырып, оларды оқу-тәрбие процесінің толыққанды мүшесіне айналдырады.

«Шекаралық» топтың азаюы: Ерте скрининг пен дер кезіндегі цифрлық қолдаудың арқасында, мектепке дейінгі жастағы сөйлеу ақауларының алдын алу көрсеткіші жақсарады. Бұл болашақта мектептегі дислексия мен дисграфия мәселелерінің деңгейін төмендетеді.

#### 5. Инновациялық мәртебе және бәсекеге қабілеттілік

Құзыреттілік орталығының эталоны: Жобаны енгізу білім беру ұйымының



заманауи технологияларды игерудегі көшбасшылық орнын айқындайды. Бұл — өңірлік және республикалық деңгейде тәжірибе таратуға негіз болатын бірегей авторлық модель.

Қорыта айтқанда, Жасанды Интеллект – тәрбиешінің орнын басатын бәсекелес күш емес, ол тәрбиешінің кәсіби шеберлігін жаңа биікке көтеретін теңдессіз құрал. «Logos-AI» жобасы тәрбиешіні қағазбастылық пен бірсарынды «рутинадан» құтқарып, оны нағыз «зерттеуші-педагог» және «креативті ментор» деңгейіне көтереді.

1. Тәрбиеші – технологияның сәулетшісі Жасанды интеллект қаншалықты жылдам болса да, ол баланың көзіндегі мұңды байқай алмайды, оның жетістігіне адамша қуана алмайды. Біздің тәжірибеміз дәлелдегендей, тәрбиешінің шексіз мейірімі мен цифрлық интеллекттің ұшқыр мүмкіндігі бірлескенде ғана болашақ педагогикасының берік іргетасы қаланады. ЖИ — бұл қозғалтқыш, ал тәрбиеші — сол қозғалтқышты баланың игілігіне бағыттайтын білікті пилот.

2. Жаңа дәуірдің тәлімгері Егер тәрбиеші заманауи технологияны игерсе, ол тек білім беруші ғана емес, әр ба-

ланың ішкі әлеміне еніп, оның жүрегіне жол таба алатын нағыз тәлімгерге айналады. Бұл — педагогикалық этика мен инновацияның алтын қиылысы. Біз ЖИ көмегімен балаға тек «сөйледі» үйретпейміз, біз оған «өзін тануға» және «өз үнін нық шығаруға» көмектесеміз.

3. Болашаққа көзқарас «Logos-AI» — бұл жай ғана эксперимент емес, бұл — мектепке дейінгі тәрбие жүйесін цифрлық трансформациялаудың бастауы. Біз ұсынған модель балабақша қабырғасында әр баланың, әсіресе мамандар назарынан тыс қалатын «шекаралық» топтағы бүлдіршіндердің мүмкіндігін теңестіреді.

**Түйін сөз:** Біздің мақсатымыз — технология арқылы баланы оқшаулау емес, керісінше, технологияның күшімен оның айналасымен қарым-қатынасын жақсарту. Ертеңгі күннің азаматы — ақылды технологияларды басқара алатын және сонымен бірге адами құндылықтарды биік ұстайтын тұлға. Ал сол тұлғаның алғашқы сөздері мен алғашқы қадамдары біздің қолымызда.

Болашақ педагогикасы — бұл алгоритмдер мен жүректің үндестігі!

### Әдебиеттер тізімі:

1. Баев Т. К. Білім берудегі жасанды интеллект. – Алматы, 2023.
2. Баймұратова Г. К. Бала тілін дамыту. – Астана, 2021.
3. Волкова Л. С. Логопедия. – М.: Владос, 2022.
4. irdo.kz – «Ерте балалық шақты дамыту институтының» ресми сайты (Мұнда ӘНХ, үлгілік бағдарламалар мен әдістемелік нұсқаулықтар орналасқан).
5. chat.openai.com / gemini.google.com – Білім берудегі ЖИ контентін генерациялауға арналған ресурстар.



# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

**Тоганбаева Жанна Кенжегуловна,**  
Жамбыл облысы, Тараз қаласы білім бөлімінің «№48  
«Нұршуақ» бөбекжай-бақшасы» КМҚК меңгерушісі

**Аңдатпа.** Бұл мақалада балабақшада заманауи технологияларды саналы қолдану жолдары түсіндіріледі. Сонымен қатар цифрлық құралдарды ойын, тіл дамыту және зерттеу әрекетімен үйлестіру тәсілдері беріледі. Интерактивті тақта, планшет, проектор және дыбыс жазу құрылғысы арқылы балалардың қызығушылықтарын арттыру жолдары ұсынылған. Экран уақыты, деректер құпиялығы және ақпараттық қауіпсіздік талаптары нақты көрсетілген. Мәтін жоспарлау, ата-анамен байланыс және нәтижені бағалау бойынша алгоритм ұсынады. Ұсыныстар инклюзивті топта да қолдануға ыңғайлы, себебі тапсырма бейімделеді.

**Түйінді сөздер:** Балабақша, заманауи технологиялар, цифрлық ресурс, интерактивті оқыту, медиасауаттылық, ақпараттық қауіпсіздік, ата-анамен серіктестік.

**Аннотация.** В этой статье рассматриваются способы осознанного использования современных технологий в детском саду. Также даются методы сочетания цифровых инструментов с игровой, языковой и исследовательской деятельностью. Представлены методика повышения интереса детей с помощью интерактивной доски, планшета, проектора и диктофона. Четко указаны требования к экранному времени, конфиденциальности данных и информационной безопасности. Текст содержит алгоритм планирования, общения с родителями и оценки результатов. Рекомендации также удобны для использования в инклюзивной группе, поскольку задача адаптируется.

**Ключевые слова:** Детский сад, современные технологии, цифровые ресурсы, интерактивное обучение, медиаграмотность, информационная безопасность, партнерство с родителями.

**Abstract.** This article explains the smart use of modern technologies in kindergarten. You will be given ways to combine digital tools with play, language development and research activities. Interest will be increased by using an interactive whiteboard, tablet, projector and sound recorder. Screen time, data privacy and information security requirements are clearly stated. The text provides you with an algorithm for planning, communication with parents and evaluating the results. The recommendations are also suitable for use in an inclusive group, as the task is adaptable.

**Keywords:** Kindergarten, modern technologies, digital resources, interactive learning, media literacy, information security, partnership with parents.

Цифрлық трансформация – қоғамның әртүрлі салаларында әртүрлі цифрлық және ақпараттық технологиялар

ды енгізу, бұл өз кезегінде төртінші өнеркәсіптік революцияның салдары болып табылады [1]. Қоғамда болып



жатқан өзгерістер жаһандық сипатқа ие және мектепке дейінгі білім беру жүйесіне әсер етпей қоймайды.

Білім берудің әртүрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелердің ашық жиынтығы – бұл білім беру ұйымдарының цифрлық инфрақұрылымын құрайтын, өзара әрекет ете алатын, икемді және қолжетімді платформалар мен сервистер кешені.

**«Ашық» ұғымы** – кез келген пайдаланушының (тәрбиеленуші, педагог, ата-ана) сандық ортада әртүрлі ақпараттық жүйелерді еркін пайдалану, бір жүйеден екіншісіне көшу, оларды біріктіру немесе ауыстыру мүмкіндігі мен құқығын білдіреді.

Білім берудің әртүрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелердің ашық жиынтығы

Балалардың қажеттіліктері мен мүдделері білім беру саласындағы негізгі нормативтік құжаттарда ескерілген, мұнда негізгі міндет білім беру сапасы мен қолжетімділігін арттыру, оның ішінде заманауи цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру. Цифрлық технологияларды енгізу тәрбиелеу - білім беру әдістерін жетілдіруге, жеке білім беру траекториясын құруға, ата-аналармен кері байланысты нығайтуға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында заманауи цифрлық ортаны ұйымдастыру Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға ықпал етеді. Атап айтқанда, баланың жеке дамуына жағдай жасау, танымдық белсенділігін арттыру, ойын арқылы тәрбиелеу-білім беру процесін цифрлық құралдармен толықтыру және ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту. Осыған орай ашық ақпараттық жүйелер кешені мектеп-

ке дейінгі білім беру ұйымдарының икемділігін арттырып, заманауи талаптарға сай сапалы және қолжетімді білім беруді қамтамасыз етеді.

#### **Мақсаты:**

Заманауи цифрлық білім беру кеңістігін ұйымдастыру арқылы білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру.

#### **Бағыты:**

Мектепке дейінгі ұйымда білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ететін ақпараттық-білім беру ортасын құру және дамыту. Бұл бағыт мынадай басымдықтарды көздейді:

- тәрбиеленушілердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру;
- педагогикалық және басшы кадрлардың цифрлық құзыреттіліктерін тиімді дамыту;
- білім беру процесінде ақпараттық ресурстар мен заманауи технологияларды жүйелі пайдалану;
- ақпараттық технологиялар негізінде білім берудің жаңа сапалық деңгейіне кезең-кезеңімен көшу үшін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар жасау.

Аталған бағытты іске асыру үшін келесідей міндеттер айқындалды:

Жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету, білім беру ұйымының цифрлық инфрақұрылымын жаңғырту;

Бірыңғай ақпараттық кеңістік құру, онда білім беру процесінің барлық қатысушылары (педагогтер, тәрбиеленушілер, ата-аналар, әкімшілік) өзара ақпараттық байланыста болады;

Оқу орны қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін 100% деңгейге жеткізу, яғни цифрлық технологияларды тәрбиелеу-білім беру процесінде тиімді



қолдана алатын құзыретті мамандар қалыптастыру;

Білім беру процесіне заманауи педагогикалық әдістерді енгізу, соның ішінде: интерактивті оқыту тәсілдері; цифрлық білім беру ресурстары; мультимедиялық құралдар; қашықтықтан өзара әрекет ету элементтері;

Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, педагогтар мен тәрбиеленушілердің жұмыстарының көрме-леріне, байқауларына қатысу;

цифрлық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту, оның ішінде электрондық құжат айналымын енгізу.

Соңғы екі онжылдықта мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтенуіндегі ең маңызды жаңалықтардың бірі олардың цифрлық технологиялармен белсенді танысуы болды. Балалардың айтарлықтай бөлігі мектепке дейінгі ұйымға барған кезде әртүрлі цифрлық құрылғылармен жұмыс істеу тәжірибесіне ие болды. Көпшілік үшін цифрлық құрылғылар үлкен қызығушылық тудырады және айналасындағы әлемді зерттеу тәсілі ретінде қызмет етеді. Әрине, мектепке дейінгі ұйымға баратын балалардың дағдыларындағы, қызығушылықтарындағы және мінез-құлық тәжірибелеріндегі сапалық өзгерістер олардың ақпараттық қоғамның жаңа жағдайларына бейімделуін талап етеді [2].

Мектепке дейінгі білім берудегі оқытудың цифрлық түрленуінің маңызды аспектісі әртүрлі құжаттаманы басқару жүйелерін электрондық форматтарға ауыстыру болды. Нәтижесінде, педагогтердің жұмысы электрондық жүйелермен, дерекқорлармен мәтіндік және графикалық редакторлармен (Microsoft Word, Office, Excel және т.б.) жұмыс істеумен тығыз байланысты болды. Педагогтер өзі бұл процессті қабылдауға тырысты. Бұл өз

кезегінде мектепке дейінгі білім жүйесінің педагогтеріне оқытуда цифрлық құралдарды пайдалануға мүмкіндік берді.

Цифрландыру педагогтердің ата-аналармен өзара әрекет тәсілін түбегейлі өзгертті. Жедел хабар алмасу қолданбалары мен ортақ чаттар (WhatsApp, Viber, Telegram) пайда болуы ата-аналарға педагогтермен жылдам және тиімді байланысуға мүмкіндік берді, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру қызметін орындау үшін бірқатар қосымша мүмкіндіктер берді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының ресми веб-сайттарында білім беру бағдарламалары мен ұйымның қызметі туралы ақпарат бар, бұл ата-аналарға балалары қатысатын іс-шаралар туралы хабардар болуға мүмкіндік береді, бұл олардың білім беру процесіне қатысуын арттырады және педагогтермен өзара ықпалдастықты жақсартады. Жалпы алғанда, цифрландыру ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымдардағы іс-шараларға бұрынғыдан да көбірек қатысуға мүмкіндік берді.

Цифрлық технология педагогтердің өзін-өзі жетілдіруіне де айтарлықтай әсер етті. Электрондық ресурстар әртүрлі қалалардағы мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері арасындағы байланысты жеңілдетеді, бұл соңғы жылдары сала бойынша өзара тәжірибе алмасуды айтарлықтай арттырды.

Жетекші сарапшылардың әдістемелік әзірлемелері қазір бүкіл ел бойынша педагогтерге тегін қолжетімді. Кәсіби қайта даярлау және қосымша дағдыларды игеру үшін әртүрлі онлайн курстар кеңінен таралған. Жалпы, бүгінгі мектепке дейінгі ұйым педагогтері өз міндеттерін сәтті орындау үшін цифрлық дағдыларын жетілдіруі керек.

Сандық трансформация мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің балалармен өзара іс-әрекет тәсіліне айтарлықтай әсер етті. Компьютерлік



технологияларды пайдалану кең таралған [3]. Көптеген мектепке дейінгі ұйымдарда АКТ қолданатын интерактивті білім беру ойындары кең таралған тәжірибе болып саналады. Балаларға білім беру презентацияларын көрсету үшін проекторлар сияқты әртүрлі мультимедиялық құралдар қолданылады, оларды педагог өз кезегінде Canva, PowerPoint және басқа бағдарламаларды пайдаланып өз бетінше дайындайды. Интерактивті цифрлық технологияларды пайдалану әдетте балалардың дәстүрлі әдістерге қарағанда көбірек қызығушылығын және қатысуын арттырады. Дегенмен, электронды құрылғыларды шамадан тыс пайдаланумен байланысты денсаулыққа ықтимал қауіптерді ескеру қажет. Сондықтан педагогтар санитарлық ережелерді қатаң сақтауы және оқытуда цифрлық құралдарды пайдалануды шектеуі керек.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдары өз жұмыстарына инновациялық технологияларды қарқынды енгізуде. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру саласы педагогтерінің негізгі міндеті балалармен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын, тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес келетін оңтайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау болып табылады.

Педагогикалық технология – тәрбиелеу мен оқыту түрлерінің әдістерінің, құралдарының және тәсілдерінің арнайы ұйымдастырылған жүйесі. Ол белгілі бір психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларға сүйене отырып, педагогикалық процесті тиімді жоспарлауға, ұйымдастыруға және нәтижесін болжауға мүмкіндік береді

Білім беру үдерісіндегі инновациялық технологиялар - жаңа, бұрын

болмаған компонент құру. Инновациялық технологиялардың басты ерекшелігі – жаңашылдық, тиімділік және нәтижелілік.

Инновациялық процесс - бұл дәстүрлі білім беру жүйесінің жаңа сапалы күйге көшуінің сәттілігіне кепілдік беретін инновацияларды құру, игеру және қолдану.

Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялар оқытудың жаңа әдістерін, жаңа тәсілдерін, білім беру мазмұнын ұйымдастырудағы инновацияларды, білім беру нәтижесін бағалау әдістерін түсіну үшін ұсынылады. Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи инновациялық педагогикалық технологиялар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын жүзеге асыруға бағытталған.[4]

Балалармен жұмыстағы инновациялар.

Әр педагог бірнеше белгілі технологияларды интеграциялау немесе инновациялық технологияны мектепке дейінгі білім беру ұйымының білім беру процесінің нақты жағдайларына бейімдеу арқылы, қандай да бір инновациялық технологияны жасаушы болып табылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде инновациялық технологияларды шығармашылықсыз пайдалану мүмкін емес. Себебі кез келген инновация педагогтің тек техникалық дағдыларын ғана емес, сонымен қатар оның шығармашылық ойлауын, икемділігін және кәсіби рефлексиясын талап етеді.. Технологиялық деңгейде жұмыс істеуді меңгерген педагог үшін когнитивті (танымдық) процесс әрқашан негізгі нұсқаулық екендігі айқын.

Осылайша, цифрлық технологиялар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің бірқатар аспектілеріне айтарлықтай әсер етті деп



айтуға болады. Атап айтқанда, педагогикалық әдістердің жетілдірілуіне, басқару жүйесінің цифрландырылуына, ата-аналармен өзара ықпалдастықтың жаңа нысандарының қалыптасуына ықпал етті. Сонымен қатар цифрлық құралдар тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттыруға және педагогтердің кәсі-

би құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік берді.

Цифрлық технология мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дамуының маңызды бағыты болып қала береді және болашақта да олардың сапалы дамуының негізгі факторларының бірі болмақ.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Әбілқасымов. С. Білім берудегі цифрлық технологиялар. –Астана: Фолиант, 2021
2. BilimLand. «Цифрлық білім беру ресурстары». – Алматы: Bilim Media Group, 2022.
3. Жүсіпбекова, Р., & Ахметова, Г. Цифрлық білім беру: теориясы және практикасы. – Нұр-Сұлтан:
4. Кораблева, С.В., Мифтахова, О.А. Организация работы старшего воспитателя с педагогами ДОО в режиме инновационной деятельности / С.В. Кораблева, О.А. Мифтахова // Народное образование. Педагогика. — 2015.
5. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137 қаулысы, 2021 жыл 15 наурыз
6. Оспанов, Қ. Жасанды интеллект және оның қолданылу аясы. – Алматы: Атамұра, 2019.
7. Тимофеева, Л.Л., Майер, А.А. Повышение профессиональной компетентности педагога дошкольного образования. Выпуск 2. – М., 2013. – 96с.



# БАЛАЛАРДЫҢ ЕРТЕ ЖАСТАН КІТАП ОҚУҒА СҮЙІСПЕНШІЛІГІН ОЯТУДА ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

**Умиралиева Молдир Балгабаевна,**  
«Қызылорда облысының білім басқармасының,  
Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Күнекей»  
бөбекжай-бақшасының меңгерушісі

**Аңдатпа.** Бұл мақалада әдебиет деген үлкен сиқырлы әлемге баланың қызығушылығын қалай ояту керек, баланы кітап оқуға қалай үйретуге болады деген өзекті мәселелерді қарастырады. Баланың ерте жастан оқуға қажетті қабілеттерін дамыту, танымдық қызығушылығын жетілдірудегі көрнекті психологтар мен педагогтардың еңбектеріне шолу жасалынған. Кітаптың қоршаған шындықты білудің, әртүрлі білім мен дағдыларды игерудің ең жақын және табиғи тәсілі ретіндегі маңызын тәжірибемен байланыстыра отырып талдау жасалынған.

**Түйін сөздер:** Құндылық, дағды, танымдық белсенділік, ерте жас, тәрбие құрал.

**Аннотация.** Данной статье рассматриваются актуальные вопросы о том, как пробудить у ребенка интерес к великому волшебному миру литературы, как научить ребенка читать. Рассматриваются работы видных психологов и педагогов по развитию навыков чтения у детей с раннего возраста и повышению их познавательного интереса. В связи с опытом анализируется значение книги как наиболее близкого и естественного способа познания окружающего мира, освоения различных знаний и навыков.

**Ключевые слова:** Ценность, навык, познавательная активность, ранний возраст, средство воспитания.

**Abstract.** This article examines pressing issues such as how to awaken a child's interest in the great, magical world of literature and how to teach a child to read. It examines the work of prominent psychologists and educators on developing children's reading skills from an early age and enhancing their cognitive interest. Based on these experiences, it analyzes the importance of books as the most intimate and natural way to understand the world around us and acquire various knowledge and skills.

**Key words:** Value, skill, cognitive activity, early age, educational tool.

Ерте жас – баланың психикалық дамуының өте маңызды және жауапты кезеңі. Себебі, балабірінші рет сөйлеу, ойын, құрдастарымен қарым-қатынас, өзі туралы, басқалар туралы, әлем туралы алғашқы түсініктерге ие бола бастайды. Сонымен қатар ерте

жас кезеңінде баланың ең маңызды және іргелі қабілеттері – танымдық белсенділігі, қызығушылығы, өзіне деген сенімділік, табандылық, қиялы, шығармашылық көзқарасы, ересектермен қарым-қатынасы мен ынтымақтастығы қалыптасады.



Ғалымдардың зерттеулерінде (Ж. Пиаже, Л. А. Венгер, С. Л. Новоселова, В. С. Мухина және т.б.) ерте балалық шақ-бұл барлық негізгі функциялардың жетіліп, тәрбие мен оқыту үшін ең қолайлы кезеңі ретінде болашақ тұлғаның физикалық, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуының алғышарттары қалыптасады деп тұжырым жасайды.

Бұл жастың маңыздылығы баланың үш негізгі өмірлік жетістіктігімен тікелей байланысты екендігімен түсіндіріледі: тік жүру, сөйлеу қарым-қатынасы және пәндік іс-әрекет. Тік жүру баланың кеңістікте кең бағдарлануын, оның дамуы үшін қажетті жаңа ақпараттың тұрақты ағынын қамтамасыз етеді. Сөйлеу қарым-қатынасы балаға білімді игеруге, қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға және оларды меңгеру арқылы жеке тұлғалық мәдениетке тезірек қосылуға мүмкіндік береді. Пәндік іс-әрекет баланың қабілеттерін, әсіресе оның аяқ, қол қимылдарын тікелей дамытады. Бұл факторлар кішкентай өсіп келе жатқан баланың жан-жақты, толыққанды психикалық мінез-құлық дамуы үшін өте қажет.

Сондықтан баланың 3 жасқа толғанында нені біліп-түсінуі керек деген мәселе әр ата-ананы толғандыруы керек. Әр баланың қабілеті әр түрлі келеді, осыған орай олардың дамып жетілуі де әркелкі болады. Дамуындағы бұл ерекшеліктері ата-ананың балаға көңіл бөлуіне, олардың баланы толыққанды дамытуға бөлген уақыттарының көлеміне де тікелей байланысты болады.

Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – саламатты, саналы, сапалы ұрпақ тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында айқындалған, білім беру жүйесінің бірінші деңгейі отбасында немесе бір жастан бастап

бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымда жүзеге асырылады- деп көрсетілген. Олай болса, балаларғаерте жастансаналы тәрбие, сапалы білім негіздерін қалыптастыру үшін біздер педагогтер мен ата-аналар не жасау керек? Әрине, бала дамуына онымен бірге әрекет ететін, оған көрсететін, демеуші болатын ересек адамдардың ролі үлкен.

Бұл жастағы бала дамуындағы маңызды механизм еліктеу болып табылады (Т.И.Горбатенко). Ерте жас кезеңінен-бала ересектің әрекет тәсілдеріне, сөйлеуіне, кейін бағалауына да еліктейді.Бұл баланың жан-жақты дамуына көптеген факторлардың әсер етуіне негіз болады. Сондай негізгі факторлардың бірі-кітап. Кітап баланың тұлғалық жетілуіне күш беретіп, ақыл-ойының қалыпты дамуына үлкен ықпал ететін бірден бір құрал. Кітап әртүрлі жастағы адамдарды біріктіре алады. Бала кітапты ересектердің қолында көріп, ерте жас кезінен бастап оған қызығушылық танытып еліктей бастайды. Бала кітапқа қызығушылық таныта бастағаннан бастап, баланы қолдау керек. Сондықтан кітаппен жұмысқа неғұрлым көп орын берілсе, баланың танымдық дамуы да соғұрлым жоғары болады.

Бірақ, тәрбиенің ең тиімді құралы – үлгі болу емес пе? Онда біз өзіміз кітап оқимыз ба? Оқығанымызбен балаларымызбен бөлісеміз бе, олармен талқылаймыз ба? Балаларымыздың арасында кітап оқу культін орнату үшін не істесек болады?. Балаларды кітап оқуға қалай ынталандыруға болады? Үйімізде кітап оқу мәдениетін қалыптастырдық па? –деген көптеген мәселелер біз үшін өзекті тақырыпқа айналды.

Осылайша балабақшамызда «Оқуға құштар балабақша» жобасына ата-аналарды да тартуды қолға аладық. Мақсатымыз балалардың шығар-



машылық дамуына сапалы жағдай жасау және рухани тәрбие беру, ата-аналардың осы жобаға белсенді қатысуына ықпал ету.

Өмірлік тәжірибе жинау үшін адамға оқу керек. Мұны баланың ата-анамен бірге орындағаны дұрыс. Себебі оқығанды бірге талқылайды, даулы жағдайларда бірге шешімін табады. Кейіпкер неге бұлай жасады екен? Оның орнында сен болсаң не істер едің? Кей жағдайда ертегінің аяқталуының баламасын яғни жаңаша форматын ойлап табады. Бұл баланы кітаппен достастырып қана қоймайды, сонымен қатар бала мен ата-аналар бірін-бірі жақсы білуге, жақынырақ болуға көмектесері айдан анық.

«Күнекей» бөбекжай бақшамыздың ата-аналарынан төмендегідей мазмұнда сауалнама алынды.

- Балаңызға кітап оқып бересіз бе?
- Неше жасынан бастап кітап оқып бере бастадыңыз?
- Кітапты қай уақытта (күндіз, кешке) оқыдыңыздар?
- Балаңызға ұйықтар алдында ертегі, әңгіме, өлең айтып бердіңіз бе?
- Балаңызды кітапханаға немесе кітаптар дүкеніне апардыңыз ба?

Сонымен бірге, сауалнама нәтижесіне қарап бірнеше ата-аналармен әңгімелесу де өткіздік. Төменде сол ата-аналардың пікірлерін ұсынамын.

Бірінші ата-ана пікірі. Мен қызым 4 айға толғанда бірінші кітапты оқыдым. Мен бұл үшін қандай да бір шұғыл қажеттілікті сезінгенім жоқ. Мен жай ғана баламды тыныштандыру үшін оқып бергім келді. Әрине, бірінші рет бұл әрекет, ерсілеу көрінуі мүмкін себебі, баламды суреттер тіпті де қызықтамайды. Бірақ, менің бұл әрекетім пайдасыз емес екенін аңғардым. Себебі бала дауысты естиді, сезі-

неді, кей жағдайда менің бұл әрекетім оны тыныштандыратын да болды.

Екінші ата-ана пікірі. Мен психолог ретінде де, ана ретінде де өз пікіріммен бөліскім келеді (менің үш балам бар, олардың екеуі жасөспірімдер — 14 және 12 жаста, ал ең кішісі-5 жаста). Олар белсенді оқырмандар. Мен отбасында оқу мәдениетін саналы және мақсатты түрде қалыптастырдым десем болады. Баланы кітап әлемімен таныстырудың көптеген жолдары бар, мен оларды үнемі қолдануға тырысамын. Менің ана ретіндегі оқуға деген құштарлығым соншалықты балалар мені үнемі кітаппен көріп өсті. Кейде мен оларға оқыған шығармаларымнан қызықты етіп айтып беретінмін. Өсе келе оларда кітап оқып өзара бөлісуді дәстүрге айналдырды. Бұл жағдай болашақ оқырмандарды тәрбиелеуге және отбасында оқу мәдениетін қалыптастыруға үлкен көмегін тигізді десем болады.

Үшінші ата-ана пікірі. Біз жолдасым екеуіміз мемлекеттік қызметкерміз. Екі баламыз бар. Бірақ біз оларға кітап оқып беруді дәстүрге айналдырмадық.

Жас ерекшеліктеріне байланысты балалар әлі оқи алмайды, дегенмен біз оларға кітаптар әпереміз балалар шығармалардың мағынасын түсінбегенмен ақтарып қарағанды жақсы көреді.

Бұл ата-аналармен өткен әңгімелесуден әр отбасында балалардың оқу мәдениетін қалыптастыру тәсілдерін байқауға болады. Қазіргі таңда көпшілік ата-аналар интерактивті бағдарламалары мен аудиокітаптары бар гаджеттер мен электронды кітаптарды қолданады, бірақ қағаз нұсқадағы кітаптарды мүлдем жоққа шығаруға болмайды (әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар үшін). Ешқандай гаджеттер кітапты қолында ұстағандағы физикалық сезімді алмастыра алмайды. Себебі, балалар кітап-



тың иісін сезініп, сыбдырын естіп, кітап парақтарына қол тигізу арқылы шығарма желісіндегі оқиғаларды тереңірек түсінеді.

Сондықтан әр бір отбасындағы кітаптарға деген көзқарас пен қарым-қатынас өте маңызды. Біріншіден, ата-аналар балаларға үлгі бола отырып, көп оқуды үйренеді. Екіншіден, бала мен ата-аналар арасында жылы қарым-қатынас орнығады. Мұндай үй оқулары психологиялық сүйіспеншілікті тудырып, болашақта ең керемет естеліктердің бірі болып, балалар есінде сақталады.

Сонымен бірге балалармен әртүрлі әдеби іс-шараларға бару, не баламен бірге шараларға қатысу да, өте жақсы дәстүрлердің бірі. Осы бағытта өзімнің кәсіби тәжірибеммен бөлісетін болсам, «Күнкей» бөбекжай бақшамызда Ә. Тәжібаев атындағы кітапхана ұжымымен бірлесе «Ертегілер әлемі», «Менің сүйікті кейіпкерім», «Балапандар шеруі» тақырыптарында балалармен әр түрлі форматта қызықты кездесулерді жиі өткіземіз, Осындай шаралардың негізінде бөбекжай бақшамызда «Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді ертегі арқылы кітапқа деген қызығушылығын арттыру» атты авторлық бағдарлама әзірледім. Бағдарлама мазмұнында баланың таным-түсініктерін кеңейтетін әр түрлі ертегі кітаптар, газет, журналдар, көрнекі құралдар, ертегі кейіпкелері мен сюжеттік суреттер, ойыншық атрибуттар, үйрету тапсырмалары мен жаттығулары берілген. Бағдарлама 36 сағатқа құрылған (апталық жүктеме 1 сағат). Бұл бағдарлама балалардың оқылған әңгіме, ертегі мазмұнына сай бір оқиға төңірегінде сурет бойынша әңгіме құрап айтуға, сурет салуға, сахналық қойылымдарға қатысу арқылы қайырымдылық, шындық, адалдық, үлкендерді құрметтей білу сияқты асыл қасиеттерді бала бойына кітап арқылы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аталған тақырыптарды меңгертуде баланың жеке дамуының қуатты құралы ретінде, кітап оқуға қолайлы орта жасаудағы алғашқы жұмыс түрі кітапханаға экскурсия жасаудан басталып, балаларда кітап, кітапхана туралы алғашқы түсінік қалыптастыру жұмысы жүргізіледі.

Келесі қызықты жұмыс балабақшада топ бөлмесінде ұйымдастырылған кітап бұрышын таныстыру мақсатында, «Ертегіні аяқта» деген тақырыпта кітап мүйісіндегі балаларға таныс қызықты ертегі кітаптарынан үзінді оқылып, мазмұнын балалардың өздеріне аяқтауға мүмкіндік беріледі. «Кітап неге аурады» тақырыбы бойынша күтіп ұсталмаған кітаптар туралы әңгімелеп, кітаптарды ұқыпты ұстау ережелерімен танысады.

«Мен және менің үй кітапханам» фотокөрмесі, Өзқолымен: Менің алғашқы кітабым», «Менің балалық шағымның кітаптары» тақырыбындағы ата-аналар көрмесінің мақсаты балабақша балаларының шығармашылық жұмыстарының нәтижелерін көрсету, кітапқа деген сүйіспеншілігін насихаттау және ата-аналар мен балалардың біріккен іс-тәжірибесін насихаттауды көздейді.

Сонымен бірге балалар жазушысы Рима Әбіқаева шығармашылығымен таныстыру арқылы мейірімділікке, отбасына деген махаббат пен табиғатты сүйуге тәрбиеленсе, балаларға арналған Республикалық «Ертегілер елінде» журналының бас редакторы Әдина Жүсіптің Әдинаның ертегілерін тыңдауға, мазмұндауға үйренеді.

Бағдарламада мектепке дейінгі жастағы балаларды ертегілер жанры: қиял ғажайып ертегілері, тұрмыс-салт ертегілері, жануарлар туралы ертегілермен таныстыруда Пропп картасын пайдалануды жөн көрдім.

Әр бала өз картасы бойынша ертегі



сюжетін ойлап табады, немесе ертегі желісін ретімен айтып беруге үйренеді. Осылай бала карталар арқылы ертегі құрастыра отырып, жазушыға айналады. Ал карталарға суреттерін салса, онда суретші болады. Ойлап тапқан ертегілерін, суреттерін қоса отырып, шағын кітапша шығарады.

Қорыта айтқанда осы авторлық бағдарламамен жұмыс жүргізу барысында әдеби шығарманы дұрыс қабылдау, мазмұнмен қатар көркемдік шығарма элементтерін түсіну қабілеті балаға өздігінен келмейді ол үшін ата-аналармен, жұртшылықпен жұмыс істеудің әртүрлі, соның ішінде

дәстүрлі емес түрлерін (әдеби байқалар, әдеби үйірменің жұмысы, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің кітапханасындағы жұмыс, театр кештері, жобалық іс-әрекет, ойын-сауық, зияткерлік ойындар, кітаптардың жазудың пайда болу тарихымен танысу т.б.) жұмыс түрлерін жүйелі жүргізуде асқан жауапкершілікті талап етеді.

Бұл дағдылардың барлығын ерте жас кезінен бастап дамыту және тәрбиелеу керек демек, балаларда шығарманы белсенді тыңдау, көркем сөйлеуді тыңдау қабілетін қалыптастырудың өмірлік маңызы зор.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Аралбаева Р. К. Мектепке дейінгі педагогика (Оқулық), Алматы: 2012 ж.
2. Козлова С.А., Куликова Т.А. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы Мәскеу, 2015 ж.
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы
6. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Астана қ. 2022 ж.
7. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Астана қ. 2022 ж.
8. Қазақстан республикасында білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы



# РАЗВИТИЕ КАДРОВОГО ПОТЕНЦИАЛА ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ КАК УСЛОВИЕ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ВОСПИТАТЕЛЬНО- ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

**Асанова Қарашаш Қамидолловна,**  
Астана қаласы әкімдігінің  
№26 «Үміт» балабақшасының меңгерушісі

**Аңдатпа.** Мақалада мектепке дейінгі ұйымның кадрлық әлеуетін дамыту білім беру үдерісінің сапасын арттырудың маңызды шарты ретінде қарастырылады. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі, біліктілікті арттыру нысандары, әдістемелік жұмыстың рөлі, тәлімгерлік және заманауи технологияларды енгізу мәселелері баяндалады. Педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуына жүйелі тәсілдің қажеттілігі атап өтіледі.

**Түйін сөздер:** кадрлық әлеует, педагог, біліктілікті арттыру, әдістемелік жұмыс, тәлімгерлік, инновациялар, білім беру сапасы.

**Аннотация.** Рассматривается развитие кадрового потенциала дошкольной организации как важное условие повышения качества образовательного процесса. Освещаются профессиональные компетенции педагогов, формы повышения квалификации, роль методической работы, наставничества и внедрения современных технологий. Подчеркивается необходимость системного подхода к профессиональному развитию педагогических кадров.

**Ключевые слова:** кадровый потенциал, педагог, повышение квалификации, методическая работа, наставничество, инновации, качество образования

**Abstract.** The development of the human resource potential of a preschool organization is considered an essential condition for improving the quality of the educational process. The text highlights the professional competencies of educators, forms of professional development, the role of methodological work, mentoring, and the implementation of modern technologies. The necessity of a systematic approach to the professional development of pedagogical staff is emphasized.

**Keywords:** human resource potential, educator, professional development, methodological work, mentoring, innovations, quality of education.

Современный этап развития системы образования Республики Казахстан характеризуется повышенными требованиями к качеству подготовки подрастающего поколения. Важнейшей ступенью образовательной системы является дошкольное образо-

вание, которое закладывает основу интеллектуального, социального и эмоционального развития ребенка.

Одним из ключевых факторов эффективности деятельности дошкольной организации выступает уровень



профессиональной подготовки педагогических кадров. Именно педагог является главным участником воспитательно-образовательного процесса, обеспечивающим реализацию образовательных программ и формирование благоприятной развивающей среды для детей.

В связи с этим особую актуальность приобретает вопрос развития кадрового потенциала дошкольных организаций, направленного на повышение профессионального мастерства педагогов и совершенствование образовательной деятельности.

Кадровый потенциал дошкольной организации представляет собой совокупность профессиональных, личностных и творческих ресурсов педагогических работников, которые обеспечивают реализацию целей и задач воспитательно-образовательного процесса. Его развитие предполагает не только повышение уровня профессиональной подготовки педагогов, но и создание условий для их непрерывного профессионального роста.

Современный педагог дошкольной организации должен обладать широким спектром компетенций, позволяющих эффективно организовывать воспитательно-образовательную деятельность. Среди них особое значение имеют педагогическая компетентность, коммуникативные навыки, способность применять информационно-коммуникационные технологии, а также готовность к инновационной деятельности.

Развитие профессионального потенциала педагогов осуществляется посредством различных форм повышения квалификации. К ним относятся курсы профессионального обучения, участие в международных и научно-практических конференциях, семинарах, тренингах и мастер-классах. Кроме того, значительную роль

играет самообразование, которое способствует расширению профессионального кругозора и совершенствованию педагогического мастерства.

Одним из эффективных механизмов развития кадрового потенциала является организация системной методической работы внутри дошкольной организации. Методическая деятельность направлена на совершенствование профессиональных знаний педагогов, распространение передового педагогического опыта и внедрение современных образовательных технологий.

В практике дошкольных организаций широко применяются различные формы методической работы: педагогические советы, методические объединения, творческие группы, наставничество и профессиональные консультации. Особую ценность представляет наставничество, которое помогает молодым специалистам быстрее адаптироваться к профессиональной деятельности и овладеть необходимыми педагогическими навыками.

Значительная роль в развитии кадрового потенциала принадлежит руководителю дошкольной организации. Эффективное управление коллективом предполагает создание условий для профессионального развития сотрудников, поддержку педагогических инициатив и стимулирование творческой активности педагогов.

Кроме того, в современных условиях важным направлением совершенствования образовательного процесса является внедрение инновационных педагогических технологий, а также использование искусственного интеллекта. Использование интерактивных методов обучения, проектной деятельности, игровых технологий и информационно-коммуникационных средств позволяет повысить интерес



детей к образовательной деятельности и улучшить качество образовательных результатов.

Развитие кадрового потенциала также связано с формированием благоприятного психологического климата в педагогическом коллективе. Поддержка сотрудничества, взаимного уважения и профессионального взаимодействия способствует повышению мотивации педагогов к профессиональному росту и саморазвитию.

Таким образом, развитие кадрового потенциала в нашей дошкольной организации является одним из ключевых условий повышения качества

воспитательно-образовательного процесса. Профессиональное совершенствование педагогов, активная методическая работа и внедрение инновационных образовательных технологий позволяют повысить эффективность деятельности дошкольной организации.

Системный подход к развитию кадрового потенциала способствует формированию высокопрофессионального педагогического коллектива, способного успешно решать современные задачи дошкольного образования и обеспечивать всестороннее развитие детей.

### **Список литературы:**

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III (с изм. и доп.). – URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_) (дата обращения: 29.04.2026).
2. Закон Республики Казахстан «О статусе педагога» от 27 декабря 2019 года № 293-VI. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293> (дата обращения: 29.04.2026).
3. Об утверждении Государственного общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и обучения: Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031> (дата обращения: 29.04.2026).
4. Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023–2029 годы: Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249> (дата обращения: 29.04.2026).
5. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан. – URL: <https://adilet.zan.kz> (дата обращения: 29.04.2026).
6. Керимбаев Н. Н. Развитие методических систем обучения и профессиональной компетентности педагогов в Республике Казахстан // Вестник образования. – 2012.
7. Керимбаев Н. Н., Акрамова А. Развитие содержания образования в Республике Казахстан // Международный журнал педагогических исследований. – 2015.